

№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі КММ

Ата-аналармен жүргізілетін жиналыстың жоспары



№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі КММ
Ата-аналармен жүргізілетін жиналыстың жоспары
2024-2025 оқу жылы

к/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
I жиналыс				
Тақырыбы : «Отбасы - тәрбие бастауы».				
1	Жаңа оқу жылына арналған жоспарды бекіту	Қыркүйек	М.Дүйсенов, ДТЖО	Хаттама, суреттер
2	Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау		Мектеп әкімшілігі	
3	Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру		М.Дүйсенов, ДТЖО	
4	Ата-аналармен келісім шартқа түру. Мектеп формасына қойылатын талаптар		Ж.Атакулова, ДТЖО	
II жиналыс				
Тақырыбы: «Баланың бас ұстазы -ата-ана»				
1	I тоқсан қорытындысы	Қараша	М.Дүйсенов, ДТЖО	Хаттама, суреттер
2	Перзентіңіздің қуанышпен мектепке барғанын қалайсыз ба? Баяндама		А.Сармантаева, Р.Дүйсенова, педагог-психолог	
3	Үш жақты байланысты дамыту.		М.Дүйсенов, ДТЖО Б.Қасымбеков, ПҰ Н.Тажиев, ата-аналар комитеті төрағасы	
III жиналыс				
Тақырыбы: «Бала тәрбиесі баршаға ортақ»				
1	II тоқсан оқу қорытындылары. ҰБТ және ББЖМ	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі	Хаттама, суреттер
2	Сабақтан себепсіз қалу жағдайларының бала психологиясына		А.Сармантаева,	

	әсері туралы баяндама жасау.		Р.Дүйсенова, педагог-психолог	
3	Оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу және олардың әлеуметтік қорғалуы туралы баяндама жасау.		К.Ауеханова, құқық пәні мұғалімі	
4	Түрлі мәселелер			
IV жиналыс				
Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі»				
1	III тоқсанның оқу қорытындылары. ҰБТ-ға дайындық.	Наурыз	Н.Сапарбаева, ДОЖО	Хаттама, суреттер
2	Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жолдары		А.Сармантаева, Р.Дүйсенова, педагог-психолог	
3	Балаларына тәрбие берудегі ата-аналарға қойылатын талаптардың орындауы туралы баяндама.		М.Дүйсенов, ДТЖО	
4	Түрлі мәселелер			
V жиналыс				
Тақырыбы: «Отбасы-бақыт мекені»				
1	IV тоқсанның оқу қорытындылары.	Мамыр	Мектеп әкімшілігі	Хаттама, суреттер
2	Жаз айларындағы оқушылардың өмір қауіпсіздігін алдын алу туралы		М.Смайлов, ҚКТ	
3	Жазғы сауықтыру жұмысы туралы		М.Дүйсенов, ДТЖО А.Кульгинова, ӘП	
4	ҰБТ. Емтихандар.		Н.Сапарбаева, ДОЖО	

Жоспарды түзген:  М.Дүйсенов, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ата-аналар жиналысының Хаттамасы

Күні: 11. 11. 2024 ж

Қатысқаны – 37 ата – ана
№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі КММ-сінде «Баланың басты ұстазы ата-ана» тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
2. Жасөспірімдердің өтпелі кезең ерекшеліктері
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:



Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Дуйсенов сөз сөйледі. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша құқықтық түсіндірме жұмысы бойынша мәлімдеме жасады.

Екінші мәселе бойынша мектеп педагог-психологы Р.Дуйсенова «Жасөспірімдердің өтпелі кезең ерекшеліктері» жайлы баяндады. Жасөспірімдік кезең – адамның өміріндегі ең маңызды және күрделі кезеңдердің бірі. Бұл уақытта балалар физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік өзгерістерге ұшырайтыны жайлы. 1. Физиологиялық өзгерістер. Жасөспірімдік кезең шамамен 10-19 жас аралығын қамтиды. Бұл уақытта: Гормоналды өзгерістер орын алады. 2. Психологиялық ерекшеліктер. Өзіндік тану – жасөспірімдер өздерінің кім кенін түсінуге тырысады, қоғамдағы орнын іздейді. т.б. 3. Әлеуметтік қарым-қатынастар. Құрдастармен қарым-қатынас – достардың пікірі мен қолдауы маңызды рөл атқарады. Ата-аналарға ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша әр түрлі мәселелерде мектептегі үйірмелер жайлы талқыға салынды, оқушылардың сабақ үлгерімі жайлы айтылды.

Қаулы етті:

1. Қауіпсіздік ережелерін ата - аналар балаларына үнемі сынып жетекшісімен қатар түсіндіріп отырсын.
2. Оқушыларды сабақтан себепсіз қалдырмау назарға алынсын.
3. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, күн режимінің сақталуын, қауіпсіздік ережелерін сақтау қолға алынсын.

Жиналыс төрағасы:  М.Дуйсенов, ДТІЖО
Хатшы:  А.Тұрлыбекова

№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Жастар арасында құқықбұзушылықтың, тәуелділіктің, теріс діни ағымдардың алдын алу бойынша аудан көлемінде құрылған ақпараттық-насихаттық бірлескен топ мүшелерінің 8-11 сынып оқушыларымен ата-аналарына өткізген кездесу жиналысының

Х А Т Т А М А С Ы.

Мерзімі: 14.01.2025ж
Өткізілген орын: Думан зал
Қатысқандар саны:234
Ата-аналар-57
Оқушылар-177

Насихат тобы мүшелері

- 1.Келес ауданы прокуратурасының прокуроры- М.Сапарәлі
- 2.Келес ауданы АПБ КЖТЖИ- Т.Садирбаев
- 3.Аудандық білім бөлімінің маманы- Ж.Абдраманов
- 4.Аудандық маслихат депутаты -Ш.Кенжебаев
- 5.Аға би- Т.Умирзаков
- 6.Аудандық Тілдерді дамыту және спорт бөлімі маманы- Қ.Наурызбаев
- 7.Дін өкілі- С.Налибаев
- 8.Қошқарата а/э жастар ісі бойынша бас маманы-С.Ходжакулов

Т ы ң д а л д ы.

Насихат тобының жетекшісі Ж.Абдраманов жиын қатысушыларына күн тәртібін, жиынға келген насихат тобы мүшелерін таныстырды.

Алғашқы сөз кезегін аудандық мешіттің имамы, дін өкілі С.Налибаевқа берді.

Дін өкілі оқушылардың мешітке, жұма намазға, ораза ұстау төңірегінде әңгіме қозғап, қазір оған қажеттіліктің жоқ екендігін насихаттап, оданда оқуға көңіл бөлуін, білімге құштар болу керектігін атап өтті.Білім мен ғылымға талпыну қазіргі заман талабы болып тұрғанын айтты.

Әр түрлі діни ағымдардың жетегінде кетпеу үшін, заңды тіркеуден өткен, Қазақстан әділет министірлігінде лицензияланған сайттарға кіруді, оқуды ата-аналарға ескертті.

Келесі сөз кезегін : Аудандық билер алқасының төрағасы Т. Умирзақов қазіргі таңда балалар білім алу үшін барлық жағдайлар жасалып отырғанын, мына мектеп барлық талаптарға жауап беретін, бала қауіпсіздігін қамтамсыз ету үшін жағдай жасалған.

Осыған қарамастан жастар арасында құқық бұзушылық тоқтамай тұрғанын, керісінше әр түрлі жолдарының пайда болып жатқанын атап өтті.

Жастар арасындағы, қоғамдағы құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша ауқымды іс-шаралар өтіп жатқандығын, кездесудің мақсаты білім алушылармен тікелей ашық форматта сұхбат құру екендігін атап өтті.Осы топ құрамының негізгі мақсаты жан-жақты ақпарат беру, бірлесіп жұмыс жасап, келеңсіз жағдайлардың алдын алу.

Келесі мәселе бойынша сөз алған аудандық тәрбие саласының маманы Ж.Абдраманов Қазіргі таңдағы интернет, әр түрлі чаттардағы хабарламалар мұхият болуды талап

етеді. Қазіргі қызмет түрлерінің сан алуандығы мен қол жетімділігі адамдарға қолайлылық алып келуімен қатар қауіп те алып келеді. Соған байланысты сақ болуға шақырды.

Одан қорғанудың жолы цифрлық сауаттылықты арттыру.

Жантөре Абдраманов ата-аналарға, жоғары сынып оқушыларына өздерінен кішілерге үлгі болу бойынша тренинг өткізді. Тренинг қорытынсынан жиынға қатысушылар тәрбиелік мәні бар сабақ алды.

Келесі мәселе бойынша сөз алған аудандық мәслихат депутаты Ш.Кенжебаев, ауданда жалпы оқу орындарының заманға сай салынып болғандығын, ендігі кезекте екі маусымды, оқушы саны көп мектептер санын реттеу бойынша жұмыстар атқарылып жатқандығы жайлы айтып өтті. Оған мысал ретінде аудан орталығында салынып жатқан «Жайлы мектеп», Ақтөбе ауыл округіндегі екі мектеп, Ошақты ауылындағы мектеп, Біртілек ауылындағы мектептердің құрылысы жүріп жатыр.

Сонымен қатар балалардың денсаулығы жақсарту мақсатында елімізде бүкіл бастауыш сыныптары ыстық тамақпен қамтылғанын, салауатты өмір салтын ұстану үшін спорттық, өнер үйірмелері көп ашылып жатқанын атап өтті.

Келесі болып сөз алған аудандық тілдерді дамыту, өнер, спорт бөлімінің маманы Қ.Наурызбаев ауданда 5 спорт мектебі мен 1 өнер мектебі жұмыс істеп тұрғанын атап өтті. Онда балалар спорттың 21 түрімен айналысуға мүмкіншілік жасалғандығын айтып өтті. Өнер мектебінде 11 топ істеп тұрғанын айтып өтті.

Келесі жылы ауданда үлкен спорт кешені пайдалануға берілетіндігін және ол балалардың салауатты өмір салтын ұстануына үлкен ықпал ететіндігін айтты.

Келесі сөз кезегін алған кәмелет жасындағылар жөніндегі инспектор полиция майоры Т.Садирбаев бала тәрбиесі бірлескен жұмысты қажет ететіндігін айта келе барлықтарымыздың құқықтарымызбен, жауапкершілік- міндеттеріміз жайында ескертті.

Егер бала сабақтан себептен себепсіз қалса ата-ананың жауапкершілігі әкімшілік құқық бұзушылық заңының 409 баптың 2 тармағында қаралғандығын. Егер бала түнде беймезгіл уақытта жүрсе 442 бап 2 бойынша жауапкершілік қаралғандығын ескертті. Балалардың құқығын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша атқарылып отырған жұмыс жоспарымен таныстырды.

Жоғарыдағы қаралған мәселелер бойынша жиналыс төмендегіше шешім етті:

1. Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін үйірмелер жұмысын ары қарай жетілдіру
2. Оқушылардың сабақтан кейінгі уақытта бос, беймезгіл жүрмеуін қадағалау сынып жетекшілерімен ата-аналарға жүктелді.
3. Мектеп оқушыларының сабақ және демалыс уақыттарында мешітке бармауын, әр түрлі күдікті сайттарға кірмеуін ескерту сынып жетекшілерге, қадағалау ата-аналарға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:
ДТЖО
Хатшы:



Б.Туркулов
М.Дуйсенов
А.Тұрлыбекова

№ 28 «Мақтаныш» жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Мектепте заңсыз алымдарға тыйым салу тақырыбында өткізілген ата-аналар
жиналысының

Хаттамасы

Мерзімі: 17.04.2025 ж
Өткізілген орны: Думан зал
Қатысқандар саны: 87

Күн тәртібінде

1. 2024-2025 оқу жылы қорытындысы

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Сапарбаева

2. 2024-2025 оқу жылында өтетін 25 мамыр «Соңғы қоңырау» мерекесіне арналған іс-шара жоспары.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары М.Дуйсенов

3. 2024-2025 оқу жылында 25 мамыр «Соңғы қоңырау» мерекесіне арналған іс-шараларға ата-аналардан қаржы жинау фактісінің алдын алу.

Әдептілік кеңесінің төрайымы К.Ауезханова

4. Түрлі мәселелер

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған Н.Сапарбаева, 2024-2025 оқу жылының төртінші тоқсанында мектебімізде 649 оқушы білім алып отырғанын айтты. Биылғы оқу жылын 4-ші сыныптарда 61 оқушы, 9-шы сыныптарда 44, 11 сыныпта 46 оқушы бітіргелі отыр.

Мектептегі 4-ші сыныптарда 12 үздік оқушы, 9-шы сыныптарда үздік атестатқа 2-еу, үздік оқушы -3, 11 сыныптарда «Алтын белгі» -1, үздік атестатқа -5 оқушы үміткер. Қалған сыныптардағы оқушылардың білім жетістігі тоқсан соңындағы жалпы жылдық қорытынды нәтижесі бойынша шығарылады.

Жалпы биыл мектеп оқушыларының білім жетістігі алдыңғы үш тоқсан қорытындысы бойынша қазірше шамамен 10 пайызға көтеріліп тұр.

Екінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары М.Дуйсенов, 2024-2025 оқу жылын аяқталуына байланысты «Соңғы қоңырау» іс-шарасы тек бітіруші 4,9,11 сынып оқушыларының қатысуымен ғана болатындығын атап өтті. «Соңғы қоңырау» іс-шарасы мектеп қабырғасында қарапайым түрде, ешқандай әсіре шығындарсыз өткізілу жоспарланып отырғандығын ата-аналарға ескертті.

Кезекті мәселе бойынша сөзге шыққан К.Ауезханова, Қазақстан республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 14 сәуірдегі № 741 хатының мәтінімен таныстырды.

Сонымен бірге 2025 жылдың 7 ақпан күні «2025 жыл жастар арасындағы академиялық адалдықты ілгерілету бойынша жасалған кешенді жоспарымен таныстырды. Онда білім беру ұйымдарында заңсыз алымдарға, заңсыз ақшалай қаражат жинаудың алдын алу, тыйым салу жұмыстарын ата-аналармен жүргізу тапсырылған.

Сондықтан мектепте, ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар «Соңғы қоңырау» іс-шараларына, мұғалімге сый ақы жинау фактілерін болдырмау бойынша заң аясында қатаң жұмыстар атқарылатынын ескертті.

Жоғарыдағы қаралған мәселелер бойынша жиналыс төмендегіше қаулы қабылдады:


1. 2024-2025 оқу жылының білім беру жетістіктерімен қорытындысы қанағаттарлық деп танылсын.

2.2024-2025 «Соңғы қоңырау» іс-шарасын өткізу жоспары ары қарай (оқушылардың қауіпсіздігі, сол күнгі кезекшілік)пысықталып толықтырылсын.

3. «Соңғы қоңырау» іс-шарасына қаражат жинау, сыйақы беру, заңсыз қаражат жинау фактілерін болдырмау жұмыстары күшейтілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

Two handwritten signatures in blue ink. The top signature is for the meeting chair, and the bottom signature is for the secretary.

Б.Туркулов дир.м.а

А.Тұрлыбекова

